

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016»** атты  
XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»**

---

PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір  
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2016»  
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2016»**

**2016 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**Ғ 96**

**Ғ96** «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – .... б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-764-4**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**ISBN 978-9965-31-764-4**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2016

деятельности индивидуума. То есть формирование мыслей является частью того или иного языка и различается в различных культурах, причем, иногда весьма существенно, так же как и грамматический строй языков.

В Казахстане новая дисциплина только делает свои первые шаги. Проблемами общения культур и народов в связи с преподаванием иностранных языков одними из первых в России сейчас занимаются на факультете иностранных языков Московского государственного университета. Итак, краткий обзор истории возникновения и развития достаточно молодой дисциплины «Межкультурная коммуникация» свидетельствует о формировании её самостоятельного статуса и обособлении её как области знания. Однако эта наука находится ещё в стадии становления и не имеет зрелого теоретического опыта.

#### **Список использованных источников:**

1. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. — М., 2000.
2. Стефаненко Т.Г. Этнопсихология. —М., 2000.
3. Brewer M., Campbell D., Ethnocentrism and intergroup attitudes, 1976
4. Kohl, Karl-Heinz: Ethnologie-die Wissenschaft vom kulturell Fremden: Eine Einführung München 1993. 201с
5. Moosmuller A. Interkulturelle Kompetenz und interkulturelle Kenntnisse. Überlegungen zu Ziel und Inhalt im auslandsvorbereitenden Training // K. Roth (Hg.): Mit der Differenz leben. Munster, 1996.,368с.
6. Trager G., Hall E. Culture and Communication: A Model and an Analysis //Explorations and Communication 3. 1954.,273с.
7. Садохин А.П., Грушевицкая Т.Г. Основы межкультурной коммуникации. — М., 2003., 245с.
8. Леонтьев А.А. Психология общения. — М., 1997., 187с.
9. Сикевич З.В. Социология и психология национальных отношений. — Спб., 1999, 187с.
10. Цуканова Е.В. Психологические трудности межличностного общения. Киев, 1985., 253с.

УДК 396.91:316.422 (410.1+574)

### **АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ АНТИМАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРГЕ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУ ЖОЛДАРЫ**

**Алекенова Айгерим Сакеновна**

[alekenova\\_as@mail.ru](mailto:alekenova_as@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Шетел филологиясы» кафедрасының магистранты,  
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Н.З.Жуманбекова

Тіл функционалды жүйе ретінде үнемі қозғалыс үстінде болады. Эволюция нәтижесі мен оларда болып жатқан өзгерісте көрінетін және оның негізгі қасиеттерінің бірі оған тән тілдік бірліктердің вариациялылығы болып табылады. Деректерден көріп отырғанымыздай, мақалдар мен мәтелдер тұрмыста көптеген нұсқаларда кездеседі. Солай бола тұра, олардың кейбірі бір де бір жинақта тіркелмеген болып келеді. Сол себепті мақал-мәтелдің жалпы халықтық түрін жеке-авторлық нұсқадан ажырату қиындық тудырады. Соңғы жылдарда мақалдардың трансформациясы мен модификациясының зерттелуі белсенді түрде жүргізіліп келе жатыр, алайда мақал клишесінің тұйықтылығы қатыстық тұрғыда ғана айтылатыны туралы тезис жеткілікті дәрежеде анық нақтыланбады. Берілген шарттылық алдын-ала келісіп жасалғандықтан дәстүрлі және түр өзгеріске түскен паремиялардың зерттелуі әртүрлі, бірақ генетикалық тұрғыдан байланысқан жанр мәтіндерін зерттеу ретінде

жүргізіліп келгендігі туралы әсер туындайды. Соңғы онжылдық үлгісі мен дәстүрлі мақалдардың әдейі бұрмалануы және жаңа пайымдардың қалыптасуы паремияның ескі модель бойынша жасалып, жаңадан туындауы аздаған өзгеше деңгейде болды: қосымша мәтіндерге «паремиологиялық қарсыластық», «мысқыл» сынды қасиеттер теліне бастауына әкелді [1].

Мақал-мәтелдердің көп нұсқалылығы түрлі себептерден болады. Бір жағдайларда мақал-мәтелдердің жаңа нұсқалары бір сөзін соған ұқсас немесе мағынасы жағынан келетін басқа сөзбен алмастырғандықтан туындайды. Екінші бір жағдайларда сол немесе басқа нұсқа құрамындағы сыңарлардың бірі формалды немесе сөзжасамдық өзгеріске түседі, соның нәтижесінде туындайды. Сонымен, жаңа нұсқа мақал-мәтелдің лексика-грамматикалық жағынан қайта құрылуының нәтижесінде пайда болады.

XX ғасырдың соңында паремиологияда дәстүрлі емес мақалдардың формасына дәлме-дәл атау табу мәселесі туындады. Мақалдар мен олардың құрылымдық өзгеріске түскен түрлері басқа жанрларға қатысты бола алатыны анықталды, бірақ дәстүрлі және жаңадан жасалған паремиологиялық бірліктердің бөліп қарастырылуы туралы сұрақ әлі қойылмаған болатын.

Паремиологияда түрөзгеріске түскен паремияларды түрлі терминдермен атауға талпыныстар жасалды. Е.Н.Савина тілдегі паремиялардың мүмкін болатын түр өзгерістерін талдай отырып, оларды **«трансформация»** терминімен атайды; В.И. Беликов әдейі бұрмаланған паремияларды **«кукизм»** терминімен атауды ұсынады; Э.М. Береговская **«квазимақалдар»** деген терминді енгізеді. 2005 жылы Санкт-Петербургте Х. Вальтер мен В.М. Мокиенконың «Антипословицы русского народа» деген атаумен түрөзгеріске түскен мақалдар жинағы жарық көрді. «Антимақал» терминін түзушілер бұл атауды неміс тіліндегі Antisprichwörter (В. Мидер) сөзінің калькасы ретінде түсіндіреді. С.И. Гнедаш публицистика мен баспасөздің функционалдық стиліндегі түрөзгеріске түскен мақалдарды зерттеген диссертациялық еңбегінде өз жұмысының негізгі объектісін **«провербалды трансформанттар»** деген терминмен атайды. Е.В. Вельмезова **«орыстың жаңа мақалдары»** терминін енгізеді. Ал, қазақ тілінде түр өзгеріске түскен мақалдарды **«мағынасы майысқан мақалдар»** деген атаумен беріледі.

БАҚ трансформацияланған тіркестерді әр түрлі тақырыпшамен жеткізеді: «қазіргі заманғы мақалдар», «антимақалдар», «афоризмдер», «даналық ойлар», «тіркестер», «әзіл тіркестері», «қысқаша анекдоттар», «дауыстап ойлау», «әзіл-қалжың» және т.б.

Бұл мақалада осындай тіркестерді жалпылау үшін «антимақал» терминін қолдануды ұсына отырып, оның астарында «мақалдардың әзілқой өзгерісі» және оның өзіндік мағыналық антитезі арқылы көрсеткен Х.Вальтердің анықтамасына жүгінеміз.

Антимақалдар күрделі құрылымдар болып табылады, оларды түсіну үшін тек дәстүрлі мақалдарды білу ғана емес, сонымен қатар жаңа самантикалық құрымында білу қажет.

Антимақалдардың пайда болуы халықаралық құбылыс. Ағылшын тілінде антимақалдар «anti-proverbs» немесе «twisted wisdom» терминін Вольфганг Мидер ұсынған болатын. Алайда, бұл термин Вольфганг Мидер мен Анна Литовкинаның 1982 жылғы «Twisted Wisdom: Modern Anti-Proverbs» атты жинағы жарық көргеннен кейін ғана енгізілген. Қазақ мәдениетінде бұл жаңа зерттеліп келе жатыр. Антимақалдар, әсіресе, айтыс, әзіл-қалжың, ойын-сауық отауларында қолданылады. Қазіргі кезде отандық «Егемен Қазақстан», «Айқын» газеттері мен «Ара» журналдарында «қалжың қалта» атты бөлімінде «мағынасы майысқан мақалдар» деп жарияланып жүр. Қазіргі таңда қазақ антимақал-мәтелдерін Берік Садыр мен Ермахан Шайхы зерттеу үстінде. Ал, шетелдік зерттеушілерден антимақалдар-мәтелдерді жан-жақты зерттеп жүрген Вальтер Х, Антонова О.Н., Золотоверхая О.В. секілді ғалымдардың жұмыстарын атап өтсек болады.

Мейлінше көп тұрақтаған (дәстүрлі) мақалдар дегеніміз – аздаған өзгеріске түскенімен ұзақ уақыт қолданыста бар мақалдар. Мұндай мәтіндер жинақтан-жинаққа өтеді және сол тілді иеленушілер тарапынан «халық даналығы» ретінде түсініледі.

Мейлінше көп тұрақтаған нұсқалар – мақалдардың өзіндік белсенді түрі. Мәтіндердің бұл тобы 1970 жылдары Г.Л.Пермяков зерттеу жүргізген паремиологиялық минимумды құрайды[2]. Дәстүрлі мәтіндер – бұл мүлдем өзгеріске түспеген мақалдар қатары емес, керісінше нақты бір формада жиі қолданылатын мәтіндер.

Қазіргі мақал трансформаларын дәстүрлі түрімен салыстыра отырып олардың ұқсастығымен қатар кейбір функционалды-семантикалық ерекшеліктерін байқауға болады. Дәстүрлі мақалдарда сақталған ақпараттар, ереже бойынша, екі бағытта болатынын білеміз. Бір жағынан мақалдар – бұл өмірлік түрлі жақтарынан хабар беретін ғибратты сөздер, қысқа ұсыныстар мен философиялық канстатациялар. Екінші жағынан, олар өткен өмірдің салттары мен тарихын, мәдениетін, бейнелері және түсінігін көрсетеді. Уақыт өткен сайын өмір салттары, тарихы және мәдениеті өзгеріп, соған сәйкес мақалдардың құрылымы мен мазмұны да өзгереді.

Соңғы уақыттарда мақалдар белсенді түрде трансформацияланатын болды, ал В.С. Елистратовтың пікірі бойынша мақалдардың жасалу орталығы ауылдан лагерлі жаргонға жиі жанасып қалып жататын қалалық қарапайым тілге (арго), зиялылардың қарапайым тіліне ауысқан. Сондықтан паремиялардың жаңа лексикасы сөздердің деформациясы мен сценизмдарының көптігімен ерекшеленеді.

Көптеген зерттеушілер көрсеткендей, ұлттың рухани, экономикалық, саяси өмірінде орын алған қайтымсыз өзгерістерге жауап ретінде пайда болған трансформациялық құрылымдар белсенді қолданыла бастады. Олар осы қоғамда осы уақытта басымдылыққа ие мәдени доминанттар, құбылыстар мен бағалауларды көрсетеді.

Вальтер мен В.М. Мокиенконың «Орыс антимәқалдарының сөздігінде» жиі қолданылатын орыс мәқалдарының трансформалар қатары берілген. Авторлардың пікірінше, жиі қолданушылық бір жағынан паремиялардың тез бірегейленуін қамтамасыз етсе, екінші жағынан – оған қарсыласу сынағы мен оның артында тұрған хрестоматиялық даналықты арттырады, ол өз кезегінде «мысқыл» экстралингвистикалық уәждесін арттыруға ықпал етеді. Мысқыл тек иронияны білдіріп қоймайды, сонымен қатар тілдік қолданыстың арнайы стилі ретінде және лингвомәдени қоғамдық-топтық құбылыс ретінде XX ғасырдағы 1960 жылдың аяғы мен 70 жылдардың басында отандық сәнқойлардың арасында қалыптасып, тиісті атауын алды.

Трансформаланған мақалдар қолданысының белсендірілуі әсіресе публицистика мен ауызекі сөйлеуде жайдан-жай болмайды. Олардың орынды қолданылуы жарқын стильдік тәсілдердің бірі болып есептеледі, және ол сөйлеуді мейлінше тартымды, жанды қылып оған ерекше түс береді.

Отандық паремиологиядағы мақалдық трансформаларды зерттеу енді басталып жатыр. Олардың лексикографиялық көрінісінің алғашқы тәжірибелері Х. Вальтер мен В.М.Мокиенконың «Пословицы русского субстандарта» сөздігінде көрінеді; Тілдегі тұрақты тіркестердің – қанатты сөздер, клишеленген пікірлер және т.т. – басқа түрлерімен қатар мақалдық трансформалар В.Т. Бондаренконың 90-жылдары жарық көрген еңбектері қатарында сипатталады. Соңғы онжылдықтың мақалдардың трансформациясын көрсететін тілдік материалдары лингвистикалық әдебиетте бөлшектеліп көрсетілген.

Мидер мен Литовкина антимәқал-мәтелдердің классификациясын төмендегідей 8 түрлі тәсілмен ұсынған болатын:

1. **association** – бастапқы бірізділік ұқсастығын анықтау жеткілікті, бірақ одан әрі ешқандай байланыс болмайды. *The early worm gets picked first.*
2. **change of homonyms** – бірнеше мағынаға ие сөз жаңа жолмен түсіндіріледі. *Where there's a will, there's a lawsuit*
3. **combination** – екі жүйелілік қосылу барысында қсқе асады. *One brain washes the other.*
4. **permutation** – синтактикалық құрылымын сақтау барысында, сөздер араласып орналасады. *A waist is a terrible thing to mind.*
5. **abridgement** – жүйелілік алынып тасталып, осылайша толығымен өзгереді. *All's well that ends.*

6. **substitution** - бірізділік бөліктерінің орын ауысуы арқылы пайда болады. *Absence makes the heart go wander.*
7. **supplementation** – бастапқы бірізділікке қарама-қарсылық мағынада ой қосылуы арқылы жүзеге асады. *A man's home is his castle – let him clean it.*
8. **syntactic change** - сөйлемнің семантикалық құрылымы өзгереді, алайда сөздер тізбегі сол күйінде қалады. *Men think: "God governs." – A good man will think of himself: after, all the others.*

Зерттеу барысында жиналған 100-ден аса қазақ және ағылшын антимақал-мәтелдерін берілген классификация бойынша сүйене отырып, төмендегідей трансформация жолдарын анықтадық.

1 Кесте Қазақ және ағылшын антимақал-мәтелдерінің трансформация жолдары

| Әдіс түрлері                             | Сипаттамасы                                                                                                                                                                             | Ағылшын антимақал-мәтелдері                                                                                                                                                                                                                                                  | Қазақ антимақал - мәтелдері                                                                                                                                                                                                        |
|------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қондырма және үстемелеу                  | Тұрақтанған нұсқаға тағы бір параллельді пайым қосылады.                                                                                                                                | <i>A man's home is his castle. --&gt; A man's castle is his home, and his wife has the keys to all the rooms.</i>                                                                                                                                                            | <i>Отырған қыз орын табады.--&gt; Отырған қыз орын табады, отырмаған қыз байын табады.</i>                                                                                                                                         |
| Бір бөлігін алмастыру немесе алып тастау | Мақал-мәтелдердің жартысының жаңа пайымға қосақталуы арқылы жүреді.                                                                                                                     | <i>A little knowledge is a dangerous thing. --&gt; A little woman is a dangerous thing.</i><br><i>Necessity is the mother of invention. --&gt; Necessity is the mother of tension. Necessity is the mother of invention. --&gt; Necessity is the mother of intervention.</i> | <i>Ананың көңілі – балада, баланың көңілі – далада.</i><br><i>Баланың көңілі – анада, ананың көңілі - «What's App-та».</i><br><i>Қызға қырық жерден тыйым, қырық үйден қарауыл. Қызға қырық жерден тыйым, тыйымсыз қызға қиын.</i> |
| Лексикалық сыңарлардың алмасуы           | Деформацияның бұл түрі каламбурлар-дың үндесу ойында-рымен лексикалық сыңарлардың алма-суы арқылы жүзеге асады. Мақал-мәтел-дерді оңай тану үшін оның синтаксистік құрылымы сақтала-ды. | <i>Қалқам, жаным, қарағым, бетіне келмес қарағым.</i>                                                                                                                                                                                                                        | <i>It's never too late to learn --&gt; A woman is never too old to yearn.</i>                                                                                                                                                      |

Біз жұмысымызда трансформация және мақал-мәтелдердің қайта жасалуы терминдерін тең мағыналы лексемалар ретінде қолданамыз және трансформацияны тілдік қате ретінде емес, паремияның құрылымы мен мағынасының арнайы мақсатталған өзгерісі ретінде түсінеміз.

Сонымен, антимақал-мәтелдер - мақал-мәтелдердің заманға сай, әзіл арқылы трансформацияланған формасы болып табылады.

Мақал-мәтелдердің антимақал-мәтелдерге айналу жолдары түрлі себептерден болады. Бір жағдайларда мақалдардың жаңа нұсқалары бір сөзін соған ұқсас немесе мағынасы жағынан келетін басқа сөзбен алмастырғандықтан туындайды. Екінші бір жағдайларда сол немесе басқа нұсқа құрамындағы сыңарлардың бірі формалды немесе сөзжасамдық өзгеріске түседі, соның нәтижесінде пайда болады. Сонымен, жаңа нұсқа мақал-мәтелдің лексика-грамматикалық жағынан қайта құрылуының нәтижесінде құрылатындығына көз жеткіздік. Жаңа технологияның дамуы қазақ антимақалдарының пайда болуындағы бірден бір себеп.

Атап айтатын болсақ, интернет, түрлі әлеуметтік желілер қазақ қоғамына өз әсерін тигізбей кетпеді. Дегенмен, қазақ антимақал-мәтелдері әлі зерттелу үстінде.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Вальтер Х. Антипословицы в современной живой русской речи / Х. Вальтер // Антипословицы русского народа. - СПб: Нева, 2005. - 3-17 с.
2. Пермяков Г.Л. Основы структурной паремииологии (Исследования по фольклору и мифологии Востока) / Г. Л. Пермяков. - М.: Главная редакция восточной литературы. - 1988. - 236 с.
3. Дубчинский В. Против чего же «антипословицы»? / В. Дубчинский // Грани слова: сб. научных статей к 65летию проф. В.М. Мокиенко. - Москва: ООО «Из-во ЭЛПИСС», 2005. - 629-634 с.
4. Вальтер Х., Мокиенко В. М. Антипословицы русского народа. – СПб: Издательский дом «Нева», 2005.
5. Mieder W., Litovkina A. T. Twisted Wisdom: Modern Anti-proverbs / W. Mieder, A. T. Litovkina. Burlington VT: The University of Vermont, 1999. - 260 p.
6. Антонова О.Н. Антипословицы как средство функциональной модификации медиадискурса (на материале прессы Великобритании и США) / О.Н. Антонова // Вестник Самарского государственного университета. - 2010. - № 3. 96 – 101 с.

ӘОЖ: 330.341.2

#### **БІР БЕЛБЕУ, БІР ЖОЛ**

**Асқарбай Ақылбек**

[akilofficial@mail.ru](mailto:akilofficial@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті Қытай филологиясы  
кафедрасының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Исаев Әбілхан Үкібайұлы

Қытай Халық Республикасының “Бір белбеу, бір жол” концепциясы – “Жібек Жолының Экономикалық Белбеуін” және “XXI ғасырдың Теңіз Жібек Жолын” құруға біріктірілген жобалардың бастамасы. Бұл аталмыш концепцияны Қытай Халық Республикасының Президенті Си Цзиньпин алғаш рет 2013 жылдың күзінде өзінің Орталық Азия елдерінде және Индонезияда болған іс-сапары барысында жария етті [1]. 2015 жылға арналған елдің әлеуметтік-экономикалық даму жоспары туралы саяси құжаттар және “Бір белбеу, бір жол” құрылыс жұмыстары жөніндегі үкіметтің баяндамасы Қытайдың жаңа үкіметінің алға жоспарлаған маңызды міндеттердің тізіміне енгізілді. ҚХР Сыртқы Істер Министрі Ван И бұл аталмыш бастаманың жүзеге асуы Қытай Халық Республикасының 2015 жылға арналған ішкі саяси іс-шараларының “фокусы” (мақсаты) болатынын атап өтті. Бұл маңызды жобаның 2016 жылы қабылданатын елдің “13-ші бесжылдық” жоспарына енгізілетіні мақұлданды.[2] Қытайдың осыншама ықылас таныту себебі халықаралық ынтымақтастықтың жаңа үлгісін тауып, оны құрып, әрі қарай дамытып, халықаралық дамуға Қытайдың тікелей қатысуымен байланысты.

Қытайдың “Бір белбеу, бір жол” атты саяси бағыты мен АҚШ-тың 2011 жылы жариялаған «Жаңа Жібек жолы бастамасы» саясатының арасында ұқсастықтар кездеседі. АҚШ-тың «Жаңа Жібек жолы бастамасы» саясатының негізгі мақсаты – Қазақстан, Ауғанстан, Түркіменстан және Пәкістан елдеріндегі маңызды инфрақұрылым нысандарын интеграциялау. “Бір белбеу, бір жол” жобасын Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Чжан Ханьхуэйді қабылдау барысында «Қытайдың “Бір белбеу, бір жол” бастамасы мен біздің «Нұрлы жол» бағдарламамыздың ұқсастықтары көп. Біздің елдеріміздің іс-